Товарищество с ограниченной ответственностью (ТОО) «**BusinessPartner**»
БИН: 170540008849
Адрес: г. Шымкент, Каратауский район, Северо-восточная часть города Шымкент, строение 209
Индекс: 160000
Эл-почта: info@bznesspartner.com
order@bznesspartner.com
Тел.: +77026211162

«BusinessPartner» ЖШС (Жауапкершілігі шектеулі серіктестік)
БСН: 170540008849
Мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Шымкент қаласының солтүстік-шығыс бөлігі, 209 ғимарат
Индекс: 160000
Email: info@bznesspartner.com
order@bznesspartner.com
Тел.:+77026211162

Исход. № BP-01-11
"28" 02 2025 г.

«Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қорытындылар туралы № 13967513-ОК1 хаттамаға шағым

Тапсырыс беруші ***"Алматы қаласы Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі***
*Конкурстың № **13967513-ОК1***
Конкурстың атауы ***"Алматы қаласы Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы" КММ үшін Тұйықталған тыныс алу циклі бар сығылған оттегімен тыныс алу аппараты***
Ұйымдастырушының атауы ***"Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі***
Ұйымдастырушының мекенжайы ***Казахстан, Алматы, Площадь Республики, 4,***

2025 жылғы 11 ақпанда Ұйымдастырушы жалпы сомасы 442 227 200 теңге болатын «Тыныс алу аппараты» тауарын ашық конкурс тәсілімен сатып алу туралы хабарландыру жариялады. 2025 жылғы 27 ақпандағы конкурс нәтижелері бойынша № 74715596-ОК1 лотының жеңімпазы болып **"Инженерный Альянс"** ЖШС анықталды, ал екінші орынды "BusinessPartner" ЖШС иеленді.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 3-тармағына сәйкес, Конкурс құжаттамасы, аукцион құжаттамасы, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптардың техникалық сипаттамасы (қысқаша сипаттама) болуы тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда, мемлекеттік сатып алу нормаларын ескере отырып, қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Конкурсная құжаттамаға сәйкес, "Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» КММ-нің басшысы Е.Амиргалиевтың 2025 жылғы 11 ақпандағы №292 шешімімен бекітілген, конкурс қоса берілген лоттар тізбесіне сәйкес жеткізушіні (жеткізушілерді) таңдау мақсатында өткізіледі делінген. Осы

конкурстық құжаттаманың 2-тармағында осы КҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа жеке ұсынатын сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінің нысанын көзделген.

Аталмыш 17-қосымшаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші Ұсынылатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы **(нақты сипаттамалары көрсетіледігін нақты атап өткен.**

2024 жылғы 09 қазандағы №687 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 212-тармағының 2-тармағына сәйкес, Конкурсқа қатысуға өтінім конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурстың қатысушысы болып танылмайды. Оның ішінде техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін ақпарат немесе құжаттардың ұсынылмауы жатады.

Осыған орай, **"Инженерный Альянс"** ЖШС (БСН 050440008583) конкурстық өтінімі зерттелген кезде, әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық сипаттамада нақты емес сипаттамар көрсетілген, атап айтқанда:

******Алдыңғы бөліктің әйнегі Аппаратта жұмыс істеген барлық уақыт ішінде тұман **немесе** қатып қалмайды.*** Ұсынылған техникалық сипаттамада ұсынылатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамалары (нақты көрсеткіштері көрсетілуі тиіс) туралы ақпарат көрсетілмеген.

Ал конкурстық құжаттаманың және Қағиданың 17-қосымшасында жеткізілетін тауардың нақты сипаттамалары көрсетілген. Бұл сатып алынатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларын нақты айқындауға мүмкіндік бермейді, осылайша, Ұйымдастырушының талаптарына сәйкес келмейді.

Қағиданың 212-тармаққа сәйкес, әлеуетті жеткізуші конкурсқа жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды), егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не қосалқы орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылса. Бұл келесі негіздер бойынша орын алады:

- сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, сондай-ақ жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге әлеуетті жеткізушінің құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың және басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін немесе электрондық құжат түрінде ұсынбау;
- әлеуетті жеткізуші ұсынған техникалық сипаттаманың конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеуі;
- техникалық сипаттамада талап етілген құжаттарды ұсынбау.

Осыған байланысты, **"Инженерный Альянс"** (БСН 050440008583) ЖШС-нің конкурсқа қатысуға берген өтінімі 212-тармаққа сәйкес қабылданбауға жатады.

Директор **Жумабаев Е.Н.**